

мүмкіндік береді. Эмоциялық интеллект отандық және шетелдік психологиядағы салыстырмалы түрде талданады. Эмпирикалық эксперименттің деректерді жинау әдістерді қолдану арқылы жүзеге асырылды: Н. Холлдың “Эмоциялық интеллект сауалнамасы”, Дж. Мейер, П. Соловей, Д. Карузоның “Эмоциялық интеллект әдістемесі”, Д.В.Люсиннің “Эмоциялық интеллект сынағы” арқылы зерттеуге алынды. Зерттеу әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің студенттері (QR және Google алынды) арасында жүргізілді. Респонденттер ретінде 18-20 жас аралығындағы-118 студентке эмпирикалық зерттеу жүргізілді, соның ішінде эксперименттік топқа психологтар 20 адам – 3 ұл бала мен 17 қыз бала алынды.

Түйін сөздер: студенттер, тұлғааралық қарым-қатынас, эмоциялық интеллект, қабілеттер, құзыреттер, дағдылар.

Н.К.Токсанбаева^{1}, М.М.Байбекова², А.О.Спатай², Ж.М.Молбасынова³*

¹*Казахский Национальный университет им. аль-Фараби, Алматы, Казахстан*

²*Университета дружбы народов имени академика А.Куатбекова, Шымкент, Казахстан*

³*Центрально-азиатский Инновационный университет, Шымкент, Казахстан*

ПСИХОЛОГИЧЕСКОЕ ИССЛЕДОВАНИЕ ВЛИЯНИЯ ЭМОЦИОНАЛЬНОГО ИНТЕЛЛЕКТА НА МЕЖЛИЧНОСТНЫЕ ОТНОШЕНИЯ СТУДЕНТОВ

Аннотация

Данная статья была посвящена выбору методов психологического исследования влияния эмоционального интеллекта на межличностные отношения студентов. Исследование позволяет выявить общие черты и различия между казахами в проявлении эмоционального интеллекта в межличностных отношениях, определяя не только его теоретическую значимость, но и практическую ценностную сторону. Кроме того, изучение эмоционального интеллекта психология актуальное направление науки уточняется. В целом, эмоции-это большой слой информации, который выражает идею о том, что с его помощью можно действовать гораздо эффективнее. Методы определения эмоционального интеллекта; Э. Торндайк, Дж. Гилфорд, Г.Ю. Айзенк и др. Ученые рассматривали социальный интеллект в контексте исследований, который описывается, как способность понимать других и разумно действовать в человеческих отношениях. Исследование позволяет разработать деятельность по развитию эмоционального интеллекта с целью определения результатов личных взаимоотношений испытуемых студентов. Эмоциональный интеллект сравнительно анализируется в отечественной и зарубежной психологии. Сбор данных эмпирического эксперимента проводился с использованием следующих методов: Были изучены «Опросник эмоционального интеллекта» Н. Холла, «Методология эмоционального интеллекта» Дж. Мейера, П. Соловей, Д. Карузо, «Тест эмоционального интеллекта» Д. В. Люсина.

Исследование проводилось среди студентов Казахского национального университета имени аль-Фараби (были взяты QR и Google). Эмпирическое исследование было проведено на 118 студентах 18-20 лет в качестве респондентов, в том числе 20 психологов - 3 мальчика и 17 девочек - были взяты в экспериментальную группу.

Ключевые слова: студенты, межличностное общение, эмоциональный интеллект, способности, компетенции, навыки.

*Toxanbayeva N.K. ^{*1} Baibekova M.M ², Spatay A. ², Molbasynova M.Z. ³*

¹*Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan*

²*University named after Academician A.Kuatbekov, Shymkent, Kazakhstan*

³ Central Asian Innovation University, Shymkent, Kazakhstan

PSYCHOLOGICAL STUDY OF THE INFLUENCE OF EMOTIONAL INTELLIGENCE ON INTERPERSONAL RELATIONSHIPS OF STUDENTS

Abstract

This article was devoted to the choice of methods of psychological research of the influence of emotional intelligence on interpersonal relationships of students. The study makes it possible to identify common features and differences between Kazakhs in the manifestation of emotional intelligence in interpersonal relationships, determining not only its theoretical significance, but also its practical value side. In addition, the study of emotional intelligence psychology is an urgent area of science being clarified. In general, emotions are a large layer of information that expresses the idea that it can be used to act much more effectively. Methods for determining emotional intelligence; E. Thorndike, J. Guilford, G.Y. Eysenck et al. Scientists have looked at social intelligence in a research context, which is described as the ability to understand others and act intelligently in human relationships. The study allows us to develop activities for the development of emotional intelligence in order to determine the results of personal relationships of the tested students. Emotional intelligence is comparatively analyzed in domestic and foreign psychology. The collection of data from the empirical experiment was carried out using the following methods: “Emotional Intelligence Questionnaire” by N. Hall, “Methodology of Emotional Intelligence” by J. Meyer, P. Solovey, D. Caruso, “Emotional Intelligence Test” by D. V. Lyusin were studied.

The study was conducted among students of the Al-Farabi Kazakh National University (QR and Google were taken). The empirical study was conducted on 118 students aged 18-20 years as respondents, including 20 psychologists - 3 boys and 17 girls - who were taken into the experimental group.

Key words: students, interpersonal communication, emotional intelligence, abilities, competencies, skills.

КІРІСПЕ

Қазіргі кезде шетелдік психологияда «эмоциялық, интеллект» терминің ұғынудың бірнеше тәсілдерін бөле отырып көрсетуімізге болады: қабілеттер ретінде; белгілер ретінде; тұлғаның тұрақты қасиеттерінің, әлеуметтік, эмоциялық және танымдық дағдылар мен мотивациялардың жиынтығы ретінде қарастырылады. XX ғасырдың басында сана психологиясы көптеген мектептермен алмастырылды. Егер бихевиоризм өкілдері (Дж. Уотсон) тек сырттай аңғарылатындар туралы ақпараттандыруға ұмтылса, ғасырдың ортасында танымдық психологияда психологтар когнитивтік процестерге жанама ретінде мінез-құлықты қарастыра отырып, ғылыми зерттеу пәні ретінде психика ұғымын ақтады. Ал эмоция бағыттарын талдауға келгенде басқа тәсілдерде болды, мұнда тұлғалық қарым-қатынасты бірінші орынға шығарған болатын (Г. Олпорт, А. Маслоу, К. Роджерс және т.б.). Ал Д.В. Люсиннің мектебіндегі қажеттілік-уәждемелік саланың эксперименттік зерттеулері «психологиялық өрістегі» мінез-құлық бағытын субъектінің «өрістегі» объектілерге эмоциялық көзқарастардың сипаттамасы ретінде метафорикалық «артықшылықтары» мен «кемшіліктері» енгізілген «психологиялық өрістегі» эмоциямен ұштастыра бастады [1,265 б].

НЕГІЗГІ БӨЛІМ. Психология ғылымында әр адамның өмірінің бөлінбес бөлігі болып табылатын тұлғааралық қарым-қатынас мәселесіне көп көңіл бөлінеді. Қазіргі зерттеулер қарым-қатынастың және оны шешудің стратегиялары мен тәсілдеріне байланысты конструктивті де, деструктивті де салдарлары болу мүмкін екенін айқындайды (А.Я. Анцупов, С.В. Баклановский, Н.В. Гритина). Қазақстандық және шетелдік ғалымдар тұлғалық қарым-қатынас қатысушылар бастан кешірген күшті эмоциялар ахуалын және өзара әрекеттесу серіктестерін қабылдауға да, тұлғааралық қарым-қатынасын әрекеттесу стратегиялары мен әдістерін таңдауға да әсер етеді деп жатқызады. Эмоциялық интеллект отандық және шетелдік психологиядағы салыстырмалы түрде жаңа ұғым. Осы уақытқа дейін психология ғылымында Г. Гарднер [2], А.Н. Комарова [3],

А.И. Кочетова Ю.А., Климакова М.В [4] еңбектерінде «эмоциялық интеллект» түсінігінің жалпы қабылданған анықтамасы жоқ деп тоқталған. Ал керісінше эмоциялық интеллектті зерттеудің отандық және шетелдік әдістерінің ішінде Н. Андреева, Л. Д. Камышникова, Н. В. Люсин, Е. А. Сергиенко, Р. Бар Он, Д. Гоулман, Дж. Майер, П. Селовей, Д. Карузо, Р. Робертс, Дж. Мэттью, М. Зайднер, С.М.Жакыпов, А.А. Телегенова нақты түсіндірме бар деп атап өткен.

Мысалы, Е.С. Синельникова езінің ғылыми зерттеуінде эмоциялық интеллект мәлеметтерді талдауға және эмоцияларды сәтті ұғыну мен тұлғааралық басқаруға бағытталған әлеуметтік интеллект түрі ретінде деп түсініктеме берді [5,16 б]. Қазіргі кезде бұл терминнің бірінғай көзқарасы мен бірінғай түсінігі жоқ. Эмоциялық интеллекттің көптеген түсіндірмелері бар: мысалы, Рувен Бар эмоциялық интеллекттің – «адамның сыртқы ортаның қиындықтары мен қысымдарымен күресу қабілетіне әсер ететін когнитивтік емес қабілеттер, құзыреттер мен дағдылар жиынтығы» - деп санайды [6 ,16 б].

Дэниэл Големан эмоциялық интеллектті езінің және басқалардың эмоцияларын сезіну өзін және басқаларды ынталандыру, эмоцияларды өз бетімен және өзгелермен қарым-қатынас жасау кезінде жақсы басқару қабілеті ретінде қарастырады [7,12 б]. Эмоциялық интеллект тұжырымдамасын (ЭИ, немесе EQ халықаралық белгісі) Йель университетінің зерттеушілер - Питер Селовей мен Джон Мейер 1990 жылы енгізген. Алайда, ЭИ түсінігі Гарвард университетінің бұрынғы профессоры, ал «New York Times» ғылыми бөлімінің редакторы Дэниел Големанның «Эмоциялық интеллект» кітабынан соң кенінен атақты болды, ол аз ғана уақыт ішінде нағыз сенсацияға айналып, ғылыми ортада «интеллект» жайлы түрлі пікірталастар тудырды [8, 98 б]. Оның көптеген интеллект концепциясы эмоциялық интеллект идеяларының дамуына елеулі үлес қосты. Д. Големан көптеген интеллект концепциясын ұсынып, интеллекттің 7 түрін анықтады: лингвистикалық интеллект, музыкалық интеллект, логикалық-математикалық интеллект, кеңістіктік интеллект, телекинезетикалық интеллект, тұлғааралық интеллект және тұлға ішілік интеллект. Ол табысты әлеуметтік бейімделу үшін интеллекттің әр түрінің рөлі мәдениеттен өнерге қарай өзгеретінін, ал интеллекттің классикалық теориялары мен оларды зерттеу әдістері Батыс Буроца мен Америка мәдениетіне бағытталғанын атай отырып көрсетеді. Штерннің интеллект түсіндірмесіне арқа сүйеп отырып, интеллекттің әртүрлі түрлерінің маңыздылығын мәдени анықтау туралы ұстаным дұрысырақ болып көрінеді.

Эмоциялық интеллекттің белгілі отандық зерттеушісі Д.В.Люсин, Г.Гарднер тұлға ішілік және тұлғааралық эмоциялық интеллект тұжырымдамасы оның эмоциялық интеллектті зерттеуге теориялық көзқарасының негізі болғанын атап өтеді. Студенттердің тұлғааралық қарым-қатынасына эмоциялық интеллектінің әсерін кез-келген басқа интеллект сияқты, дамыта аламыз. Өкінішке орай, бұл үшін IQ деңгейін жоғарлату секілді айқын академиялық әдістер жоқ. Эмоциялық даму дүниеге келгеннен басталады. Екі айлық екі баланы елестетіп көріңіз. Біреуі махаббат пен сүйіспеншілікке толы отбасында өседі, ал ояңған кезде анасы оған жақындап, қолына алады, кеудесіне басады, ұйықтатады. Ол әлемнің қауіпсіз орын екеніне сенеді, онда оның көмекке шақыруларына жауап беретін сенімді ересек адам бар. Мұндай баланың көңілді және ашық өсуіне барлық мүмкіндігі бар. Басқа бала болса балалар үйінде жетіледі. Ол жалғыз ғана оянады, ол жылағанда ешкім келмейді немесе бірден келмейді - өйкені балалар көп, ал күтуші жалғыз. Біраз кезден кейін бала үнсіз қалады, бірте-бірте ол өзін-өзі тыныштандыруға үйренеді. Кішкене кезінен бастап мұндай бала өз-өзіне қарап үйренеді. Ол эмоциялық тұрғыда дамымаған адам болып өсуі әбден мүмкін, немесе тұйық сенімсіз, қарым-қатынаста қиындықтар, апатия немесе агрессия ұстамалары болуы да мүмкін.

Сондықтан бұл ғылыми мақалада біз студенттердің тұлғалық қарым-қатынас арқылы эмоциялық интеллектіге әсер ету жолдарын талдадық. Мұнда студенттің эмоциялық жетілуіне білім алатын ордасы, оқытушылар, курстағы достары психологиялық әсер етеді.. Сондықтан олардың эмоциялық түрде жетілуі және өрескел қателіктер жібермеуі өте маңызды. Студенттердің эмоциялық интеллектісін жетілдіруі үшін екі міндет бар: біріншіден, студенттердің

сезімдерін дұрыс қабылдау; екіншіден, студенттерте эмоцияларды білдірудің әртүрлі жолдарын табуға үйрету.

Өкінішке орай, қазіргі білім беру жүйесі студенттердің эмоциялық дамуына әрқашан назар аудара қоймайды, сондықтан оқытушылар бұл жерде шешуші рөлді атқарады. Олардың міндеті - студенттен тұлғааралық қарым-қатынас арқылы келгенде академиялық тұрғыдан ғана емес, эмоциялық тұрғыда да оқуға дайын екендігіне көз жеткізу [9, 14 б].

С.П. Деревянко эмоциялық интеллектті дамыту үшін ойындарды, арт-терапияны, психогимнастиканы, мінез-құлық терапиясын және талқылау әдістерін пайдалануды ұсынады. Сонымен, автор ұсынған эмоциялық интеллектті дамыту жөніндегі жұмыс бағдарламасы кәсіби дамудың акмеологиялық теориясына бағытталған белсенді көзқарас негізінде дайындалды, оның концептуалды негізі қазіргі (нақты) бейнелерді санаға түсіру туралы ұстаным болып табылады және эмоциялық сауатты адамның идеалды (қажетті) күйі [10, 84 б]. Осы идеяны С.М.Жакыпов психологияны оқуда студенттер түрлі эксперименттерді бейнелеудің және т.б. көптеген факттарымен бетп-бет келеді. Оларды есте сақтау, егер олар жүйені құратын болса, шын мәнісінде қиын болып табылады. Білімдер жүйесінің болуы ғана, сіздің материалды жаттағаныңыздың ғана емес, сондай-ақ оны түсінгеніңізді де эмоция арқылы білдіреді [11, 156 б].

Студенттердің тұлғаралық қарым-қатынасына эмоциялық интеллектінің әсері ретінде түсіну тәсілі аясында жеке және тұрақты, эмоциялар мен байланысты, мұны қазіргі психологиялық және әлеуметтік-психологиялық әдебиеттерде қарым-қатынастың әр түрлі жақтары, формалары және қызметтері бөліп көрсетілген. Әр түрлі авторлар тұлғалық қарым-қатынасына ерекшеліктерін толықтай талдамай-ақ, барлығы мойындаған қарым-қатынастың ерекше құрылымдық қызметін атап көрсетеміз. Қарым-қатынас эмоциялық әрекет немесе бірлескен іс-әрекеттің бір жағы ретінде [12], немесе өмір сүру бейнесі ретінде [13] қараған. Мұнда, арнайы эмоциялық қарым-қатынас каналын бөліп шығару дұрыс болып табылады. М.Н. Григорьеваның эксперименттік зерттеуінде эмоциялық қатынас бұл жанама түрдегі тұлғааралық қарым-қатынас деген тұжырымға негізделген үлгісіне сүйене отырып олар зерттеу мақсатының: тәжірибеге қатысушылар пікірлерінің нәтижесінде 3 кезең бойынша қарастырды: Іс-әрекеттік (нақты кейіпкерлердің іс-әрекеттеріне эмоциялық айқындалады); Когнитивтік (танымдық ақпарат); Эмоциялық (аффективті көңіл күйлері) деп бөлді [14].

Эмоцияның ерекшелігі ол қарым-қатынастың үш түрінде де кездеседі: коммуникативті, перцептивті және интерактивті. Г.М. Шеламованың тұжырымы бойынша, эмоциялар санаға тұлғалық мағыналар туралы белгі беріп тұрады [15]. Бірақ, ол осында іс-әрекет индивидуалды субъектісінің психологиялық кеңістігі туралы айтқан

Сонымен ғалымдардың жұмыстарын талдай отырып, соңғы жылдарда студенттердің тұлғааралық қарым-қатынасына эмоциялық интеллектінің әсері ретінде әдістемелік, теориялық және қолданбалы мәселелерін түсіндіруге арналған жұмыстар қарқынды өсіп отыр. Біздің байқағанымыздай, студенттердің тұлғалық қарым-қатынасы мен эмоциялық интеллектінің даму қағидасын жүзеге асыруға эмпирикалық индикаторы болып табылады.

ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕУ ӘДІСНАМАСЫ.

Эмоциялық интеллектінің теориялық аспектілеріне келер болсақ, А.В.Карпов пен А.С.Петровская «эмоциялық интеллектінің психологиясы: теориясы, диагностикасы, тәжірибесі» кітабынан авторлар эмоциялық интеллектті (ЭИ) бағалауға арналған тұжырымдамалар мен әдістердегі әртүрліліктің маңыздылығын атап көрсетеді. Олар когнитивтік, тұлғалық және мотивациялық аспектілерді біріктіретін аралас модельдерді ерекше атап өтеді, бұл осы құрылымның күрделілігі мен әртүрлілігін толық есепке алуға мүмкіндік береді.

Зерттеуге Н. Холл «Эмоциялық интеллект» әдістемесі алынды. Холлдың эмоциялық интеллектті әдістемесі 30 мәлімдемені және 5 шкаланы қамтиды: өзін-өзі бағалау, эмоцияларды басқару, өзін-өзі ынталандыру, басқа адамдардың эмоцияларын түсіну, басқалардың эмоцияларын басқару. Әдістемені қолдану нәтижелері тұлғааралық қатынастардың сапасын жақсартуға, топтық жұмыстың тиімділігін арттыруға, жеке және кәсіби жетістіктерге қол жеткізуге

ықпал етеді. Әр шкала бойынша жалпы ұпайлар жиынтығы есептеледі. Ұпайлардың оң қосындысы неғұрлым көп болса, соғұрлым сол эмоциялық көрініс айқын болады.

Д.В.Люсиннің эмоциялық интеллект әдістемесі (ЭМИн) автордың теориялық идеяларына сәйкес эмоциялық интеллектті (EQ) өлшеуге арналған өзіндік есеп беруге негізделген психодиагностикалық әдіс болып табылады.

Эмин сауалнамасы 46 мәлімдемеден тұрады, оған қатысты субъект төрт ұпайлық шкала бойынша өз келісімін білдіруі керек (мүлдем келіспеймін, керісінше келіспеймін, керісінше келісемін, толық келісемін). Бұл мәлімдемелер бес ішкі шкалаға біріктірілген, олар өз кезегінде төрт жалпы шкалаға біріктірілген: • Субшкала МЭИ (тұлғааралық ЭИ) – басқа адамдардың эмоцияларын түсіну және басқару қабілеті. • Субшкала ВЭИ(тұлға ішілік ЭИ) – өз эмоцияларын түсіну және басқару қабілеті. • Субшкала ПЭ (эмоцияларды түсіну) – адамның және басқалардың эмоцияларын түсіну қабілеті. • Субшкала УЭ(эмоцияларды басқару) – өзіңіздің және басқа адамдардың эмоцияларын басқару қабілеті т.б. Сонымен қоса, Дж.Мейер, П.Соловей, Д. Карузоның «Эмоциялық интеллект» әдістемесі - 8 бөлімнен тұрады. Мұнда, эмоцияларды қабылдау, бағалау және білдіру немесе эмоцияларды анықтау – А (беттерді қабылдауды өлшеу) және Е (суреттерді қабылдауды өлшеу) бөлімдері. В бөлімінің – (қазіргі тәжірибеңізді ассимиляциялау, белгілі бір адамға деген сезімдеріңізді сипаттау қабілетін өлшейді) және F (адамның эмоциялық күйлерін сипаттау қабілетін өлшейді) ойлау және белсенділік тиімділігін арттыру үшін эмоцияларды пайдалану. С – секциясының эмоцияларын түсіну және талдау (уақыт бойынша эмоциялардың ағынын түсіну, сондай-ақ эмоциялардың бірінен соң бірі қалай жүретінін, бірін-бірі алмастыратынын түсіну зерттелді) және G (аралас және күрделі сезімдерді ажырату қабілетін өлшеу). Жеке өсу және тұлғааралық қарым-қатынастарды жақсарту үшін эмоцияларды саналы басқару – D бөлімі (эмоцияларыңызды басқару) және H (басқа адамдардың эмоцияларын басқару). Субъектілерден өздері ұсынған оқиғаның кейіпкерлерінің орнында өздерін таныстыруды және одан әрі әрекет ету нұсқаларын бағалауды сұрады. Бұл эмоциялық интеллект моделінің әрбір құрамдас бөлігі үшін 2 бөлімнен тұрады. Осындай ұтымды таңдалған әдістемелер зерттеу болжамының дәлелденгенін көрсетті.

НӘТИЖЕЛЕРІ МЕН ТАЛҚЫЛАМА. ІРІКТЕМЕ.

Зерттеу Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің студенттері арасында жүргізілді. Респонденттер ретінде 18-20 жас аралығындағы-118 студентке эмпирикалық зерттеу жүргізілді, соның ішінде психологтар 20 адам – 3 ұл бала мен 17 қыз бала алынды.

Зерттеу Google forms платформасында жүргізілді, жауаптар 09.10.24-12.12.2024 аралығында жиналды. Форма әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың барлық курс студенттері арасында таратылды. Студенттердің эмоциялық интеллект деңгейін анықтау үшін Н. Холл әдісі қолданылды. Әдістеме 30 сұрақтан және эмоцияларда бейнеленген тұлғаның көзқарасын түсіну және шешім қабылдау негізінде эмоциялық күйді басқару қабілетін анықтауға бағытталған 5 шкаладан тұрады.

Эмоциялық интеллектті зерттеу кезінде алынған мәліметтерге сәйкес, сауалнамаға қатысқандардың 35% - эмоциялық интеллекттің даму деңгейі төмен, 50% - орташа және 15% - жоғары. Н. Холлдың әдістемесінде эмоциялық интеллект бес қабілеттен, дағдылардан тұратын біртұтас сипаттама ретінде ұсынылған: эмоциялық хабардарлық, эмоцияларды басқару, басқа адамдардың эмоцияларын басқару, эмпатия, өзін-өзі ынталандыру. Нәтижелер студенттердің эмоциялық хабардарлығы және олардың себептерін түсіну қабілеті дамыған екенін көрсетеді, ал эмоциялық интеллекттің ең әлсіз компоненті – эмоцияларды басқару. Эмоциялық интеллект деңгейінің ең көп көрсеткіші орташа деңгейде – 50%, ең аз көрсеткіш жоғары деңгейде – 15%.

1-кесте. Н.Холлдың эмоциялық интеллект әдісі бойынша

	Эмоциялық хабардарлық	Эмоцияларды басқару	Басқа адамдардың эмоцияларын басқару	Эмпатия	Өзін-өзі ынталандыру	ЭИ интегративті деңгейі
--	-----------------------	---------------------	--------------------------------------	---------	----------------------	-------------------------

Жоғары деңгей	0,6%	1,3%	1,2%	0,6%	1,3%	5%
Орташа деңгей	18%	3%	12%	10%	7%	50%
Төмен деңгей	16%	2%	8%	10%	9%	45%
Жалпы орта мән (балл бойынша)	10,6	2,55	6,95	7,65	7,1	34,7

Н.Холлдың эмоционалды интеллект әдісі тұлғаның өмірде эмоцияларды қалай пайдаланатынын көрсетеді және эмоционалды интеллекттің әртүрлі аспектілерін ескереді. Ол 30 мәлімдемеден және 5 шкаладан тұрады: 1) эмоциялық, 2) эмоцияларыңызды басқару, 3) басқа адамдардың эмоцияларын басқару, 4) эмпатия, 5) өзіндік мотивация



Сурет 1. «Эмоциялық интеллектті диагностикалау»
(Н. Холл) әдісі бойынша жалпы қорытындылар

2-кесте . Эмоциялық интеллекттің түрлеріне қарай статистикалық талдау көрсеткіштері

	Эмоциялық Хабардарлық	Өз эмоцияла- рын басқару	Басқалардың эмоцияларын басқару	Эмпатия	Өзін-өзі Ынталандыру
Компромисс	0,004605	-0,02055	-0,07644	-0,00470	-0,04274
Бейімделу	0,102353	0,115221	0,080973	-0,1957	-0,17519
Ынтымақтастық	-0,07366	0,118621	0,167837	0,67345	0,140748
Бәсекелестік	-0,3245771	-0,2115907	-0,1200960	0,1068115	0,02408729
Қашу	0,040342967	0,053953441	0,04673813	-0,025734227	-0,312249343

Кестеге сүйене отырып, сауалнамаға қатысқандардың тұлғалық қарым-қатынаста ең қолайлы мінез – құлық стилі Бәсекелестік пен Қашу екенін атап өтуге болады. Эмоциялық интеллекттің орташа деңгейі бар студенттер дегенмен, жанжалдағы басқа қашу стильдерін олар жиі таңдайды. Ең бастысы, орташа эмоциялық интеллектісі бар жастар бәсекелестікке бейім (мысалы, эмоциялық интеллект деңгейі төмен жастар оны 3 есе аз таңдайды). Эмоциялық интеллект деңгейі төмен студенттер үшін ең қолайлы-бейімделуге келу, одан әрі ынтымақтастық.

Көріп тұрғанымыздай эмоциялық интеллект деңгейі төмен студенттер тұлғалық қарым-қатынаста қашу, ортамен араласпау стратегиясын ұстанады деген болжам расталды. Эмоцияларды басқару мен қашу шкаласының арасында оң корреляция болып табылады.

ҚОРЫТЫНДЫ ЖӘНЕ ТҰЖЫРЫМДАМА

Сонымен қорыта келе, студенттердің тұлғааралық қарым-қатынасына эмоциялық интеллектінің әсерін психологиялық зерттеу туралы теориялық түсініктерді талқыланды. Эмпирикалық зерттеу нәтижелері эмоциялық интеллект бұл тұлғалық қарым-қатынаста өзара әрекеттесу тәсілдеріне артықшылық беретін фактор және қарым-қатынастағы эмоциялық интеллекттің рөлін түсінуге ықпал ететінін расталды. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, эмоциялық интеллект ұғымы тұлға өзінің эмоцияларының қожайыны болып табылатынын, оларды біліп, иеленетінін, «жағымсыз» эмоцияларды баспай, белгілі бір жағдайда белгілі бір эмоцияның көрінуін өзі шешеді дегенді білдіреді. Эмоциялық интеллект өзін түсінуден басталады және тек өз эмоцияларымызды түсіну арқылы біз басқа адамдардың эмоцияларын және оларды тудырған себептерді түсінуді үйрене аламыз. Студенттердің эмоциялық интеллектінің деңгейлері мен тұлғалық қарым-қатынасын басқару стильдері арасындағы байланыс анық емес. Тұлғалық қарым-қатынасын басқару стилі адамның эмоциялық интеллект деңгейіне, атап айтқанда, эмоциялармен күресу қабілетіне теріс байланысты екенін көрсетті. Адам өз эмоцияларын тани және басқара алмайтындықтан, ол тітіркендіргіш жағдайлардан аулақ болады. Зерттеу бойынша бакалавриат студенттерінің қарым-қатынасындағы интеграциялық стиль тек мәселелерді шешумен және эмоциялық интеллект шкаласы (эмоционалды интеллект) бойынша әлеуметтік жауапкершілікпен байланысты екенін көрсетті, басым стиль негізінен импульсті бақылаумен және жоғары өзін-өзі бағалаумен байланысты болды, ал мәселелерді шешу компромисстік стильді таңдауға әсер етті. Қосымша зерттеуде өзін-өзі реттеудің жоғары дәрежесі қарым-қатынасты басқарудың сәтті стилін қабылдаумен оң корреляцияланғанын көрсетті. Эмоциялық интеллект интеграциялық стильді, компромисстік стильді және міндетті стильді қолданумен сипатталды, ал төмен эмоциялық интеллект –тұлғааралық қарым-қатынастағы авторитарлық стильді және қашу стилін қолданумен сипатталды.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Люсин Д.В. Опросник на эмоциональный интеллект ЭмИн: новые психо-метрические данные/ Д.В.Люсин //Социальный и эмоциональный интеллект: от моделей к измерениям/Под ред. Д.В. Люсина, Д.В. Ушакова. М.: Институт психологии РАН, 2019. – С. 264 – 278.
2. Гарднер Г. Структура разума: теория множественного интеллекта. / Г.Гарднер – М.: ООО «И.Д. Вильямс», 2017. – 512 с
3. Комарова А.И. Культурно-психологические особенности взаимосвязи ценностей и эмоционального интеллекта. Автореферат диссертации на соискание ученой степени кандидата психологических наук. / А.И.Комарова - Саратов, 2021 – 25 с.
4. Кочетова Ю.А., Климакова М.В. Эмоциональный интеллект и агрессия в зарубежных исследованиях [Электронный ресурс] // Современная зарубежная психология. 2021. Т. 8. № 3. С. 29—36. doi: 10.17759/jmfp.2019080303
5. Синельникова Елена Семеновна Эмоциональный интеллект как фактор взаимодействия в конфликте: кросс-культурный аспект//19.00.05 – социальная психология Диссертация на соискание ученой степени кандидата психологических наук Научный руководитель кандидат психологических наук, доцент Е.В.Сидоренко Санкт-Петербург 2019, 1-195 сг.
6. Bar On R. The Bar-On model of emotional-social intelligence (ESI) / R.Bar On // Psicotethema. - 2006. Vol. 18. – P. 16.]
7. Гоулман Д. Эмоциональный интеллект на работе. / Д.Гоулман - М.: АСТ: АСТ Москва; Владимир: ВКТ, 2018. – 476с..
8. Гоулман, Дэниел Эмоциональный интеллект. Почему он может значить больше, чем IQ / Дэниел Гоулман; пер. с англ. А. П. Исаевой ; [науч. Ред. Е. Ефимова]. — 11-е изд., переработанное и дополненное. — Москва : Манн, Иванов и Фербер , 2021. — 544 с.
9. Карпов, А.В. Психология эмоционального интеллекта: теория, диагностика, практика: монография / А.В. Карпов, А.С. Петровская; Яросл. Гос. Ун-т. – Ярославль : ЯрГУ, 2018. – 344 с.

10. Деревянко С.П. Развитие эмоционального интеллекта в тренинговых группах. *Психологический журнал*, 2008, 2, 79–84.
11. Джакупов С.М. *Психология познавательной деятельности*. Алма-Ата.: Изд-во КазГУ, 1992. -195 с.
12. Сергеева С.В. Особенности общения в педагогической деятельности в связи с индивидуально-типологическими различиями. Исследование общения и индивидуальных различий. // *Психология* выпуск А. -2022. -№6. -90 с. /сборник начн. трудов/.
13. Бодунов М.В., Зимелева Н.А. Познавательные процессы и общение: обсуждение проблемы // *Психологический журнал*. - 2012. Т 3, №5. - С.-16-22.
14. Григорьева М.Н. Восприятие причин трудностей общения старшеклассниками: автореф. ... на канд. психол. наук: 19.00.05. - М., 1989 - 19 с.
15. Шеламова Г.М. *Деловая культура и психология общения: Учебник для нач. Проф. Образования; Учеб. Пособие для сред. проф. образования / 3 –е изд., доп. - М.: Академия, 2014.- 160 с.*

References:

1. Lusin D.V. Oprosnik na emotsional'nyy intellekt EmIn: novye psikho-metricheskiye dannyye/ D.V. Lusin // *Sotsial'nyy i emotsional'nyy intellekt: ot modeley k izmereniyam / Pod red. D.V. Lusina, D.V. Ushakova. M.: Institut psikhologii RAN, 2019. – S. 264 – 278.*
2. Gardner G. *Struktura razuma: teoriya mnozhestvennogo intellekta.* / G. Gardner – M.: ООО «I.D. Vilyams», 2017. – 512 s.
3. Komarova A.I. Kul'turno-psikhologicheskiye osobennosti vzaimosvyazi tsennostey i emotsional'nogo intellekta. Avtoreferat dissertatsii na soiskaniye uchenoy stepeni kandidata psikhologicheskikh nauk. / A.I. Komarova - Saratov, 2012 – 25 s. S-64.
4. Kochetova Yu.A., Klimakova M.V. Emotsional'nyy intellekt i agressiya v zarubezhnykh issledovaniyakh [Elektronnyy resurs] // *Sovremennaya zarubezhnaya psikhologiya*. 2021. T. 8. №3. S. 29—36. doi: 10.17759/jmfp. 2019080303
5. Sinel'nikova Elena Semenovna Emotsional'nyy intellekt kak faktor vzaimodeystviya v konflikte: kross-kul'turnyy aspekt//19.00.05 – sotsial'naya psikhologiya. Dissertatsiya na soiskaniye uchenoy stepeni kandidata psikhologicheskikh nauk Nauchnyy rukovoditel' kandidat psikhologicheskikh nauk, dotsent E.V. Sidorenko Sankt-Peterburg 2019, 1-195 st.
6. Bar-On R. The Bar-On model of emotional-social intelligence (ESI) / R. Bar-On // *Psicotethema*. - 2006. Vol. 18. – P. 16.
7. Goul'man D. Emotsional'nyy intellekt na rabote. / D. Goul'man - M.: AST: AST Moskva; Vladimir: VKT, 2018. – 476 s.
8. Goul'man, Deniel Emotsional'nyy intellekt. Pochemu on mozhet znachit' bol'she, chem IQ / Deniel Goul'man; per. s angl. A. P. Isayevoy ; [nauch. red. E. Efimova]. — 11-e izd., pererabotannoye i dopolnennoye. — Moskva : Mann, Ivanov i Ferber, 2021. — 544 s.
9. Karpov, A.V. *Psikhologiya emotsional'nogo intellekta: teoriya, diagnostika, praktika: monografiya* / A.V. Karpov, A.S. Petrovskaya; Yarosl. Gos. Un-t – Yaroslavl': YarGU, 2018.— 344 s.
10. Derevyanko S.P. Razvitiye emotsional'nogo intellekta v treningovykh gruppakh. *Psikhologicheskiy zhurnal*, 2008, 2, 79–84.
11. Dzakupov S.M. *Psikhologiya poznavatel'noy deyatel'nosti*. Alma-Ata.: Izd-vo KazGU, 1992. - 195 s.
12. Sergeyeva S.V. Osobennosti obshcheniya v pedagogicheskoy deyatel'nosti v svyazi s individual'no-tipologicheskimi razlichiyami. Issledovaniye obshcheniya i individual'nykh razlichiy. // *Psikhologiya* vypusk A. -2022. -№6. -90 s. / sbornik nachn. trudov/.
13. Bodunov M.V., Zimeleva N.A. Poznavatel'nyye protsessy i obshcheniye: obsuzhdeniye problemy // *Psikhologicheskiy zhurnal*. - 2012. Т 3, №5. - С.-16-22.

14. Grigoryeva M.N. *Vospriyatiye prichin trudnostey obshcheniya starsheklassnikami: avtoref. ... na kand. psikhol. nauk: 19.00.05. - M., 1989 - 19 s.*

15. Shelamova G.M. *Delovaya kul'tura i psikhologiya obshcheniya: Uchebnik dlya nach. Prof. obrazovaniya; Ucheb. Posobie dlyasred. prof. obrazovaniya / 3–e izd., dop. - M.: Akademiya, 2014.- 160 s.*